

"Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 101 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 164 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 16 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5237 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы 15) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылы 31 наурыздағы N 101 бұйрығын (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде N 3547 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған N 14 2005 ж. мамыр, 62-құжат), "Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылы 31 наурыздағы N 101 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 36 Бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде N 4069 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы Ережеде:

8-тармақтағы "11" деген цифр "7" деген цифрмен ауыстырылсын;

8-1 тармақ алып тасталынсын.

2. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

З. Балиева